

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің
жылдық жалпы жиналысында дауыс берудің қорытындылары туралы
ХАТТАМА**

010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Қоғам») акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 15, Hilton Garden Inn Astana, «Төлеп» конференц-залы, 1-ші қабат (сол жақ қанаты) мекен-жайы бойынша 2015 жылдың 19 мамырында өткізілді.

Қоғамның жиналысында қатысып отырды:

1. 43 087 006 қарапайым акциялардың иесі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дан «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы өндіріс жөніндегі департаментінің орынбасары Тебериков Дамир Данилбекұлы қатысып отырды (2015 жылғы 10 сәуірдегі № 2-57 сенімхат бойынша).

2. Қарапайым акциялардың номинальдық ұстаушысы Deutsche Bank Trust Company Americas-тен (Қоғамның депозиттік банкі) 15 540 130 қарапайым акциялар иелерінің өкілі ретінде Аманжолова Айжан Айтбайқызы қатысып отырды (2015 жылғы 11 мамырдағы н/з сенімхат бойынша).

Жиыны: Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан 99,3 %-ға ие , Жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқы бар екі акционер (АО «ҚазМунайГаз» ҰК) АҚ, Deutsche Bank Trust Company Americas) тіркелді.

Акционерлер жиналысының кворумы бар.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында дауыс беруге қойылған мәселелер бойынша Қоғамның есептеу комиссиясы дауыс берудің мынадай қортындыларын шығарды:

1. Жиналыстың төрағасын сайлау туралы.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Кристофер Хопкинс Қоғам жиналысының төрағасы болып сайлансын.

2. Жиналыстың хатшысын сайлау туралы.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Шешім қабылданды: Қоғамның корпоративтік хатшысы Жексенбиев Айдар Нұрланұлы Қоғам жиналысының хатшысы болып сайлансын.

3. Жиналыста дауыс берудің тәртібі мен нысанын белгілеу туралы:

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Қоғам Жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру тәртібі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 50 бабының 1 тармағына сәйкес, дауыс беру нысаны – ашық тәсілмен белгіленсін.

4. Жиналыс жұмысының регламентін белгілеу туралы:

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Қоғам Жиналысының мынадай жұмыс регламенті белгіленсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минут дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге – бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есептеу комиссиясына жеті минутқа дейін.

5. Күн тәртібін бекіту туралы:

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 58 627 136 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыстың шешімі көпшілік дауыспен қабылданды: Жиналыстың мынадай күн тәртібі белгіленсін:

1. 2014 жылғы жылдық қаржылық есепті бекіту.
2. Өткен қаржы жылының қортындылары бойынша Қоғамның таза кірісін бөлудің тәртібі мен Қоғамның бір акциясына шаққандағы дивиденттің мөлшерін бөлудің тәртібін белгілеу.
3. Қоғамның 2014 жылғы жылдық есебін бекіту.
4. Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекетіне арыздары және оларды 2014 жылы қараудың қортындылары туралы мәселені қарау.
5. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелерінің 2014 жылғы сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат.

6. Жиналыс отырысы күн тәртібінің «2014 жылғы жылдық қаржылық есепті бекіту» туралы бірінші мәселесі бойынша.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 58 612 544 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - 14 592 дауыс.

Жиналыстың шешімі көпшілік дауыспен қабылданды: 2014 жылғы жылдық қаржылық есеп бекітілсін.

7. Жиналыс отырысы күн тәртібінің «Өткен қаржы жылының қортындылары бойынша Қоғамның таза кірісін бөлудің тәртібі мен Қоғамның бір акциясына шаққандағы дивиденттің мөлшерін бөлудің тәртібін белгілеу» туралы екінші мәселесі бойынша.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 50 840 547 дауыс;
- «Қарсы» - 7 753 213 дауыс;
- «Қалыс» - 3 376 дауыс.

Жиналыстың шешімі көпшілік дауыспен қабылданды:

1. Қоғамның таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі бекітілсін – толық атауы: «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы; орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17; банктік деректемелері:

2014 жылға БИН 040340001283, IBAN KZ656010111000022542, SWIFT HSBKZKX, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Астана аймақтық филиалы – Қоғамның бір қарапайым және бір басымдықты акциясына есептегенде 2014 жылға арналған дивиденттердің мөлшері:

1) Қоғамның бір қарапайым акциясына есептегенде дивиденттің 2014 жылға арналған мөлшері 440 теңге мөлшеріндегі соманы (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен төлеуге жататын салықтың сомасын) құрайды;

2) Қоғамның бір артықшылықты акциясына есептегенде дивиденттің 2014 жылға мөлшері 440 теңге мөлшеріндегі соманы (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен төлеуге жататын салықтың сомасын) құрайды;

3) осы шешімнің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген дивиденттердің мөлшерлері белгіленген мөлшердегі дивидентті дивиденттер төлеудің басталу күніне теңгенің АҚШ долларына Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген ресми бағамдық ара-қатынасының Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күнгі бір АҚШ долларына 185,65 теңге бағамына тең есептелетін коэффициентке көбейту жолымен индекстелетін болады;

4) Қоғамның есепті қаржы жылындағы 2014 жылдың қортындылары бойынша аудиттелген топтастырылған қаржылық есепке сәйкес таза кірісі мынадай тұрғыда бөлінсін:

- бір қарапайым және бір артықшылықты акцияны дивиденттерді алуға құқы бар акционерлердің тізімін белгілеу датасына айналымдағы тиісті акциялардың санына есептегенде 2014 жылғы дивиденттің мөлшерін шығаруға тең болатын сома дивиденттерді төлеуге жұмсалсын;

- қалдығы Қоғамның қарауында қалсын.

5) дивиденттер алу құқығы бар акционерлерінің тізімін нақтылап-бекітудің күні мен уақыты – 2015 жылдың 1 маусымы 23 сағат 59 минут;

6) дивиденттер төлеудің басталу күні – 2015 жылдың 1 шілдесі;

7) дивиденттерді төлеудің тәртібі мен түрі – акционерлердің банктік шоттарына ақша аудару жолымен дивиденттер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі бойынша.

2. Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы) А.А. Нұрсейітов Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы шешімнен шығатын қажетті шараларды қабылдасын.

8. Жиналыс отырысы күн тәртібінің «Қоғамның 2014 жылғы жылдық есебін бекіту» туралы үшінші мәселесі бойынша.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 58 612 544 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - 14 592 дауыс.

Жиналыстың шешімі көпшілік дауыспен қабылданды:

Қоғамның 2014 жылғы жылдық есебі бекітілсін.

9. Жиналыс отырысының «Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекетіне арыздары және оларды 2014 жылы қараудың қортындылары туралы мәселені қарау» туралы төртінші мәселесі бойынша.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 58 623 760 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - 3 376 дауыс.

Жиналыстың шешімі көпшілік дауыспен қабылданды:

Ұсынылған ақпарат мәлімет ретінде қабылдансын.

10. Жиналыс отырысының «Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелерінің 2014 жылғы сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат» туралы бесінші мәселесі бойынша.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 58 571 849 дауыс;
- «Қарсы» - 51 911 дауыс;
- «Қалыс» - 3 376 дауыс.

Жиналыстың шешімі көпшілік дауыспен қабылданды:

Ұсынылған ақпарат мәлімет ретінде қабылдансын.

Есептеу комиссиясының мүшелері:

Е. Райымбеков

Г. Аяғанова

А. Әлиақпарова